

Құпиялылық саясаты

Құпиялылық саясаты жеке деректер туралы (әрі қарай – Құпиялылық саясаты) мына сайтта <https://kz.liga-online.com/> (әрі қарай - Сайт) жарияланған барлық мәліметтердің құпияда сақталуы туралы қауіпсіздік кепілдігін береді. Қолданушы туралы мәліметті басқа қолданушылар мен оқырмандар Сайт, оның бағдарламалары мен қызметтерімен қолданған кезде ала алады.

Сайттың қызметтерімен қолдану үшін Пайдаланушы негізгі Саясат пен онда көрсетілген барлық шарттарға, оның жеке деректерін өңдеуге келісімін беруі қажет; аталған шарттармен келіспеген жағдайда Пайдаланушы сервиспен қолдана алмайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Негізгі Саясат аясында Пайдаланушының жеке деректері деп келесі мәліметтерді атауға болады:

1.1.1. Қолданушы тіркелу кезінде (шотты жасау кезінде) немесе Қызметтерді пайдалану процесінде, соның ішінде Пайдаланушының жеке деректерін ұсынатын жеке ақпарат. Қызметтерді ұсыну үшін қажетті ақпарат арнайы түрде белгіленеді. Өзге ақпарат Пайдаланушының қалауы бойынша беріледі.

1.1.2. Сайттың сервисімен автоматты түрде жіберілетін пайдаланушының құрылғысында орнатылатын бағдарламалық қамтамасыз етумен, оның ішінде IP-адрес, cookie-деректері, Пайдаланушының браузері (немесе сервиске қол жеткізе алатын басқа бағдарлама) туралы ақпарат, техникалық Пайдаланушы пайдаланатын жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етудің сипаттамалары, қызметтерге қол жеткізудің күні мен уақыты, сұралған беттердің мекен жайы және басқа да осындай ақпарат.

1.1.3. Пайдаланушы туралы өзге ақпарат, сайтты қолдану туралы келіссімде көрсетілген ақпаратты өңдеу.

1.1.4. Қазіргі құпиялылық саясаты тек осы сайтқа <https://kz.liga-online.com/> қарастырылған. Сайт <https://kz.liga-online.com/> осы сайттың сілтемелерінде көрсетілген үшінші тұлғалардың сайттарына бақылау жасамайды және де жауапты емес.

2. Қолданушының жеке мәліметтерін өңдеудің мақсаттары

2.1. Сайт тек қызметтерді қамтамасыз ету, Қолданушымен орнатылған келісімшартты іске асыруға керекті ақпаратты жинайды және сақтайды. Бірақ, кейбір жағдайларды қопағанда, мәселен, заңнамада белгіленген мерзімде жеке ақпараттың міндетті түрде сақталуы қарастырылған.

2.2. Сайт Қолданушысының жеке ақпараттарын өңдеу мақсаттары:

- 2.2.1. Сайтта тіркелген Пайдаланушыны идентификациялау.
- 2.2.2. Пайдаланушыға сайттың жекелендірілген ресурстарына кіруге рұқсат беру.
- 2.2.3. Пайдаланушымен кері байланыс орнату, соның ішінде хабарландыру жіберу, Сайтты пайдалану, сервистерді ұсыну, Пайдаланушының сұраулары мен өтініштерін өңдеу.
- 2.2.4. Алаяқтықты алдын алу және қауіпсіздік мақсатында Пайдаланушының орналасқан жерін анықтау.
- 2.2.5. Пайдаланушы берген жеке деректердің түпнұсқалығы мен толықтығын растау.
- 2.2.6. Есеп жазбасын жасау, егер пайдаланушы оның құрылуына өз келісімін берген жағдайда.
- 2.2.7. Сайтты пайдалануға байланысты белгілі бір мәселелер туындаған жағдайда Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету.
- 2.2.8. Пайдаланушының келісімімен жарнамалық қызметті жүзеге асыру.

3. Қолданушының жеке мәліметтерін өңдеу мен оны үшінші тұлғаларға беру шарттары

- 3.1. Сайт тұтынушылардың жеке мәліметтерін белгілі бір қызметтердің ішкі ережелеріне сәйкес сақтайды.
- 3.2. Пайдаланушы өзі туралы ақпаратты ерікті түрде барлығына қолжетімді етіп, беру жағдайларын қоспағанда, Пайдаланушының жеке ақпаратына қатысты оның құпиялылығы сақталады. Жеке қызметтерді пайдаланған кезде, Пайдаланушы өзінің жеке ақпаратының белгілі бір бөлігінің жалпыға қолжетімді болуымен келіседі.
- 3.3. Сайт Пайдаланушы туралы мәліметті үшінші тұлғаға келесі жағдайда бере алады:
 - 3.3.1. Пайдаланушы бұған өз келісімін берген жағдайда.
 - 3.3.2. Егер Пайдаланушыға белгілі бір қызметті қолдануға немесе белгілі бір келісімшартты іске асыруға керек болған жағдайда.
 - 3.3.4. Аударым заңмен белгіленген тәртіпте ресейлік немесе басқа қолданыстағы заңдармен қамтамасыз етіледі.
 - 3.3.5. Сайтты сатқан жағдайда, осы Саясаттың талаптарын сақтау бойынша барлық міндеттемелер сатып алушы алған жеке ақпаратқа қолданылады.
- 3.4. Пайдаланушының жеке деректерін өңдеу автоматтандырылған құралдарды пайдаланатын немесе мұндай құралдарды пайдаланбай, жеке деректердің ақпараттық жүйелерін қоса, кез-келген уақытта заңды жолмен жүзеге асырылады. Пайдаланушылардың жеке деректерін өңдеу 2006 жылғы 27

шілдеде қабылданған «Жеке деректер туралы» <1> № 152-ФЗ Федералдық заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3.5. Жеке деректерді жоғалту немесе жария еткен жағдайда Сайт әкімшілігі Пайдаланушыға жеке деректерді жоғалту немесе жария ету туралы хабарлайды.

3.6. Сайт әкімшілігі Пайдаланушының жеке ақпаратын заңсыз түрде алу, жою, өзгерту, бұғаттау, көшіру, тарату, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

3.7. Сайт әкімшілігі Пайдаланушымен бірлесе отырып, Пайдаланушының жеке деректерін жоғалту немесе жария ету нәтижесінде туындаған шығындарды немесе басқа да жағымсыз салдарды алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

4. Екі жақтың міндеттемелері

4.1. Қолданушы міндетті:

4.1.1. Сайтты пайдалану үшін қажетті жеке мәліметтер туралы ақпаратты беру.

4.1.2. Жеке мәліметтер туралы ақпарат өзгерген жағдайда оны толықтыру.

4.2. Сайт әкімшілігі міндетті:

4.2.1. Ақпаратты тек құпиялылық Саясатында көрсетілген мақсаттрада ғана қолдану.

4.2.2. Мәліметтердің құпияда сақталуы туралы қауіпсіздік кепілдігімен қамтамасыз ету, Пайдаланушының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жария етпеуге, сондай-ақ осы Құпиялылық саясатында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Пайдаланушының басқа жеке деректерін сатпауға, алмастыруға, жариялауға немесе жария етпеуге тиіс.

4.2.3. Искерлік айналымдағы ақпаратты қорғау үшін әдетте пайдаланылатын рәсімге сәйкес Пайдаланушының жеке деректерінің құпиялығын қорғау үшін сақтық шараларын қолдануы тиіс.

4.2.4. Қате жеке деректерді немесе заңсыз әрекеттерді анықтаған жағдайда, Пайдаланушының сұрау салған сәттен бастап немесе оның заңды өкілінің немесе жеке деректердің субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның сұрау салған сәттен бастап немесе жеке деректерді тексеру кезеңіне арналған жеке деректеріне тыйым салу.

5. Екі жақтың жауапкершілігі

5.1. Сайт әкімшілігі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жеке деректерді дұрыс пайдаланбауына байланысты Пайдаланушының шығындарына толыққанды жауап береді.

5.2. Құпия ақпаратты жоғалтқан немесе жария еткен жағдайда Сайт әкімшілігі осы құпия ақпаратқа келесі жағдайларда жауапты болмайды:

5.2.1. Жоғалғанға дейін немесе жария етпес бұрын жалпыға ортақ мәліметке айналғанда.

5.2.2. Ақпарат сайт әкімшілігінен бұрын үшінші тұлғадан бірінші алынса.

5.2.3. Пайдаланушы келісімімен жарияланса.

6. Дауларды шешу

6.1. Сайт пайдаланушысы мен Сайт әкімшілігі арасындағы қарым-қатынастардан туындайтын дауларға қатысты сотқа жүгінуден бұрын арыз беруге міндетті (дауды ерікті түрде реттеу туралы жазбаша ұсыныс).

6.2. Арызды қабылдаушы арызды алған күннен бастап, 30 күн ішінде арыз берушіні қарастырылған нәтижелер туралы мәлімдеуі тиіс.

6.3. Егер келісімге қол жеткізілмесе, дау Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотқа жіберіледі.

6.4. Осы Құпиялылық саясат пен Пайдаланушы мен Сайт әкімшілігінің арасындағы қарым-қатынас Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

7. Қосымша шарттар

7.1. Сайт әкімшілігі осы Құпиялылық саясатына Пайдаланушының келісімінсіз өзгерістер енгізуге құқылы.

7.2. Жаңа Құпиялылық саясаты Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді, егер ол Құпиялылық саясатының жаңа редакциясында басқа мәселелер көзделмесе.

7.3. Қазіргі құпиялылық саясат мына сайтта : <https://kz.liga-online.com/> жарияланған.

7.4. <https://kz.liga-online.com/> сайтында жарияланған құпиялылық саясат Сайтты қолдану туралы келісімнің негізгі бөлігіне жатады.